

Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары аумақтарында Алакөл мемлекеттік табиғат қорығын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 355

Тентек өзені мен Алакөл көлінің атырауындағы табиғат кешенін, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін және сирек кездесетін көнеден қалған шағаланың бірегей жеке түрін сақтап қалу мақсатында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ұсынысын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетінің қарамағында, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында табиғат қорғау мемлекеттік мекемесі мәртебесіндегі Алакөл мемлекеттік табиғат қорығы ұйымдастырылсын.

2. Алакөл мемлекеттік табиғат қорығына тұрақты пайдалануға Алматы облысы Алакөл ауданының Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жері мен қорынан қосымшаға сәйкес жалпы аумағы 12 520 га ж е р у ч а с к е л е р і б е р і л с і н .

3. Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдері құрылып отырған Алакөл мемлекеттік табиғат қорығының режимін қамтамасыз ету үшін жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алмастан, қорықтың сырт шекарасының бойымен қорғау аймағын орнатсын, оның аумағында осы қорықтың табиғат кешеніне теріс әсерін тигізетін қызметке тыйым салынсын.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті Алакөл мемлекеттік табиғат қорығы жерінің шекарасын б е л г і л е с і н .

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті екі ай мерзім ішінде Алакөл мемлекеттік табиғат қорығы туралы ережені әзірлеп, бекітсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылдан бастап Алакөл мемлекеттік табиғат қорығын ұстауға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне бөлінетін қаржының шегінде республикалық бюджеттен қаражат бөлуді к ө з д е й т і н б о л с ы н .

7. "Мемлекеттік жаңа заказниктер ұйымдастыру, қазіргі бар мемлекеттік заказниктердің көлемін ұлғайту және оларды сақтау туралы"

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 жылғы 5 қыркүйектегі N 348 қаулысына (ҚазССР ҚЖ, 1978 ж., N 18, 67-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасында:
"Реликті шағала" Семей және 3,3 тұрақты"
мемлекеттік заказнигі Талдықорған
деген жол алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 21 сәуірдегі
N 355 қаулысына қосымша

Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары
аумақтарында Алакөл мемлекеттік табиғат
қорығын ұйымдастыру туралы

Жер учаскелері	Жер учаскелерінің аумағы, га	
берілетін жерлердің		
құрамы	Барлығы	Оның ішінде
	Ауыл шаруа.	Ондағы
	Басқа	
	шылығы	жерлер
	алаптары	жайылым

Алматы облысының Алакөл ауданы

Ерекше қорғалатын 1 030 - - 1 030
табиғат аумақтары.
ның жерлері

Қор жері 9 200 496 496 8 704

Жиыны 10 230 496 496 9 734

Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданы

Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары. ның жерлері	2 290	-	-	2 290
--	-------	---	---	-------

Барлығы	12 520	496	496	12 024
---------	--------	-----	-----	--------